

Меңдіқара ауданы Буденный ауылдық округінің Буденновка ауылының құрамдас бөлігін қайта атау туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Буденный ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 наурызда № 7601 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Буденный ауылдық округінің Буденновка ауылы халқының пікірін ескері отырып, облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 4 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Буденный ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Буденный ауылдық округінің Буденновка ауылы Ленин көшесі Достық көшесіне қайта аталсын.

2. "Меңдіқара ауданы Буденный ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдіктің шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Меңдіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ә. Ержанова